



Қазақ әдебиетінің еңбек торысы

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің, ұлттық интеллигенцияның иммунитетіне айналған ұлы тұлғалардың әр біреуі тамырын тереңге тартқан алып бәйтерек, сарқылmas құнды қазына. Табиғатынан қарапайым, танымы терең, талғамы жоғары, ұлт үшін құрбан болған сол тұлғалардың жаратылышы да, жүріс-тұрысы да бөлек еді. Кекірегі алтын сандық, кемел ойы жүргінді тербететін сол ұлылардың бірі қазақтың аса көрнекті фольклортанушысы, әдебиет зерттеуші ғалым Есмағамбет Самұратұлы Ысмайылов болатын. Кекше өнірінде, қазіргі Еңбекшілдер ауданының Шоқытас ауылында, әйгілі Біржан сал туған киелі топырақта 1911 жылы қазан айының 15 күні дүние есігін ашқан Есағаң әуелі әдебиет әлеміне ақын болып енді. Ақындық қасиет те кез келген топырақта, кез келген адамға қона бермейтіні анық. Ол үшін ата-тегі аруақты, туған топырағы қасиетті болуы шарт. Қазақтың қай топырағы да қасиетті ғой. Дегенмен, Тәнірінің назары түскен өлкелердің бірі – Көкшетау өнірі екені белгілі. Кешегі Абылай хан да қазақтың үш жүзінің басын осы Кекше өнірінде, Бурабайдың қойнауында қости. Ұшса қыранның қанаты талған ұлан-ғайыр қазақ даласынан хан ордасы маңайына сұңғыла билер мен жалаңтөс батырларды, қара қылды қақ жарған шешендерді топтастырды. Сол кезеңде бүгінгі Еңбекшілдер ауданының Шоқытас ауылына Кіші жүздің Алшын-Жаппас, Алшын-Жагалбайлы руларынан құралған екі ауыл қоныс тепкен екен. Есмағамбет ағамыздың шежіресі сол Алшын-Жаппас руынан таратылады. Қара өлеңнің қасиетін ерте сезіп, ауыз әдебиетінің уызын мейірлене қанып ішкен хас таланттың қаламынан «Тұлпар жыры» (1933), «Жігер» (1934), «Жаз еркесі» (1936) секілді жыр жинақтары туады. 1926-1930 жылдары Көкшетау мен Қызылжардағы (Петропавл) балалар үйінде оқып, тәрбиеленген Есмағамбет 1930-1934 жылдары Қазақ мемлекеттік педагогика институтында (қазіргі Абай атындағы педагогикалық университет) тәлім алып, тіл-әдебиет факультетін ойдағыдай бітіріп шығады. Еңбек жолын ғылыми-зерттеу институтында, журналистика саласындағы қызметтерден бастайды. 1939 жылдан бастап өмірінің соңына дейін ғылыми-педагогтік қызметті ұштастырып, абырайлы еңбек етті. Ақ сөйлеп, адал жүрді. КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалындағы Жамбыл атындағы әдебиет және халық шығармашылығы секторының аға ғылыми қызметкері, сектор менгерушісі болды. 1943 жылы «XX ғасырдың басындағы қазақтың демократиялық әдебиеті» деген тақырыпта филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін диссертация қорғайды. 1946 жылы Қазақстанда Ғылым академиясы құрылды, оның Тіл және әдебиет институтында аға ғылыми қызметкер, бөлім менгерушісі, директор қызметтерін атқарды. 1957

жылы «Қазіргі ақындардың шығармашылығындағы ұлттық дәстүр» деген тақырыпта («Ақындар» монографиясының негізінде) докторлық диссертация қорғады. Есмағамбет Ысмайылов – ұлы Мұхтар Әуезовтің ең жақын шәкірттерінің бірі, әрі сырласы, әрі мұндасты болған адам. Мұқан Есағанды жанындай жақсы көрді. Ғалымдыққа баулыды, жанынан тастамай ертіп жүрді. Талантты талант қана таниды деген қағида осындайдан айтылса керек. Тіпті, Мұқан Есағана өмірлік жарын өзі таңдал береді. Ол былай болған: 1940 жылы ел жайлаудан күзеуге түскен кезде, шөп қатайып, мал семірген уақытта Мұқан Есағанды Абай еліне, Жидебайға ертіп барады. Кешкілік Мұқан мен Есағана арналған қонақасында Мұқаның көзіне сол елдің ай десе аузызы, күн десе көзі бар бір сұлу қыз түседі. Мұқан сол аруды іштей Есағана теңеп, алып берсем деген ойда болады. Кейін аттанарда Абай елінің адамдары Мұқана тағы да қонаққа келініз деп қолқа салады. Сол кезде Мұқан: «Әрине, келемін. Енді келсем, сіздерге бас құда болып келемін», – дейді. Мұқанды ел сыйлайды, бір ауыз сөзін жерге тастамайды. Сөйтіп, Есаған Абай ауылышының қызы – Шайзада женгеймен шаңырақ көтереді. Шайзада женгейдің қолынан талай дәм таттық. Жарқылдаған, ақжарқын, кіршіксіз көңілдің адамы еді. Дастанарқанды, қонақжай еді, әнді де тамылжытып жақсы айтушы еді. Есағаның әдебиетті шын сүйген еңбеккорлығына, білімдарлығына сүйсініп, қатты риза болған Мұхтар Әуезов өзінің Есағана жазған хатында: «Мен сені қазақ әдебиеті ғылымының айнымас, қажымас, жылдар жүрсе арымас жегіндісі – еңбек торысы деймін. Сол үшін сүйемін де бек бағалаймын» дейді. Ұлы Мұхтар Әуезовтің өзі осылай бағалаған Есаған шын мәнінде әдебиетіміздің бағына туған ғалым болатын. Иә, Есаған қайсар қайраткерлігімен, табиғи талантымен, ұлтқа деген ұлы махаббатымен туған халқының әдебиетіне өлшеусіз еңбек етті. Кеңес өкіметінің солақай саясатының тырнағына да ілікті. А. Фадеевтің 1947 жылы маусым айында КСРО Жазушылар одағының IX пленумында жасаған баяндамасының «Сынның ұлт мәселесі төңірегіндегі қателіктері» деген бөлімінде Есмағамбет Ысмайыловтың «Қазақ совет әдебиеті» атты оқулығы қатты сынға алынды, ауыр сөздер айтылды. Кейін осы ұшқары шешімнің салдарынан ғалым ағамыз 25 жылға лагерьге айдалып, тек Сталин өлгеннен кейін ғана ақталып шықты. 1961 жылы Тіл және әдебиет институтынан М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты бөлініп, өз алдына шаңырақ көтергенде Е. Ысмайылов оның қалыптасып, өркендеуіне елеулі үлес қосқан аға буын ғалымдардың алдыңғы сапында болды, әдебиет тарихы, фольклор бөлімдерін басқарды. 1958 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды. 1961 жылы «Қазақ КСР-інің ғылымға еңбек сінірген қайраткері» құрметті атағы берілді. 1934 жылдан КСРО Жазушылар одағының мүшесі

болды. «Құрмет белгісі» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталды. Е.Ысмайылов – қазақ әдебиетінің тарихы, сыны, теориясы саласында ұзақ жылдар талмай еңбектеніп, артына мол мұра қалдырған ғалым. Оның әдеби-ғылыми мұрасы сан тақырыпты қамтитын бай қазына. Ол зерттең, пікір айтпаған қазақ әдебиетінің бірде-бір жанры, проблемасы, көкейкесті мәселесі жок. Төл әдебиетіміздің зерттелуіне, өсіп-өркендеуіне өле-өлгенше өлшеусіз еңбек етті. Есмағамбет Самұратұлы Ысмайыловтың қазақ фольклоры туралы алғашқы зерттеулері 1935 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялана бастайды. Олардың алғашқысы – «Қазақтың ел әдебиеті, оған Фирдаусидің әсері» және «Шора батыр туралы» деген мақалалар. Бірінші мақаласында парсының ұлы шайыры Әбліқасым Фирдаусидің әйгілі «Шахнамасынан» алынған «Рұстем дастан» жырының қазақша нұсқасын тілге тиек етіп, кең талдап, жалпы шығыс сюжетіне құрылған, қазақ ортасына кең тараған қисса-дастандар жайында сөз қозғайды. Олардың батырлар жырына, халық дастандарына әсерін әңгімелейді. Екінші мақалада «Шора батыр» дастанының сюжеттік, композициялық құрылымын зерттейді. Ғалым 1938 жылы «Қазақ ертегілерінің» алғашқы томын баспаға әзірлейді. Бұл жинаққа 95 ертегіні ірікеп алады да, оларды 7 бөлімге топтастырады. Автор осы еңбекке жазған алғысөзінде былай деп көрсетеді: «Бұл бірінші томдағы ертегілердің жіктелуі (ілгері-сонды берілуі, бөлімдерге бөлінуі) алдымен тақырыптық жағына негізделді». Өкініші, бағалы еңбек кезінде жарық көрмей, қолжазба күйінде қалып қойған. Қазақ ертегілерін топтастыру жайындағы пікірін ғалым өзінің кейінгі мақалаларында да дамыта тұсті. Ертегілерді жүйелеп жариялау ниеті көп жыл өткеннен кейін ғана жүзеге асты. «Қазақ ертегілерінің» үш томдығы жалпы көлемі 150 баспа табақ көлемінде 1957-1964 жылдары жарияланды. Оның жалпы редакциясын профессор Ысмайылов басқарып, ертегілерді сұрыптау, жүйелеу жұмыстарын қайтадан жүргізді, ғылыми түсініктемелер мен көрсеткіштер берілді. Осы ғылыми басылымға академик М.О. Әуезовпен бірігіп көлемді кіріспе мақала жазды. «Қазақ ертегілерінің» үш томдығын құрастыруды аяқтаған жылдарда Есағаңның мәскеулік профессор Сидельниковпен өз үйінде ұзақ әңгімелесіп отырғанын бірнеше рет көрген едім. Халық ертегілерінің табиғатын жақсы білетін Сидельников ертегілер туралы, олардың халық тарихындағы орны туралы кең толғанушы еді. Е.Ысмайылов табан аудармай, тыңғылықты зерттеген жанрдың бірі – қазақтың батырлық жырлары мен тарихы жырлары. Жоғарыда айтылған «Шора батыр туралы» мақаласынан кейін, 1939 жылы «Батырлар жыры туралы» деген іргелі зерттеуін жазды. Баспа мүмкіндігінің жетіспеушілігінен бұл еңбек те жарық көрмей, қолжазба күйінде қалды. Бұл еңбегінде ғалым қазақтың батырлар жырын мынадай топқа бөледі: 1. «XIV

ғасырға дейінгі қанды-қыпшақ заманының батырлар жыры»: «Ер Төстік», «Құламерген», «Аралхан», «Көрүглы», «Бозұғлан», «Алпамыс», т.б. 2. XIV-XVI ғасырлардағы ноғайлы заманының батырлар жыры: «Едіге», «Қоби-ланды», «Орақ – Мамай», «Шора», «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Бөген батыр», «Ер Сайын», т.б. 3. XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ-қалмақ арасының қарым-қатынасына байланысты туған батырлар жыры: «Есімхан», «Бөгенбай», «Қабанбай», «Олжабай», «Арқалық», «Алатай», «Қаратай», т.б. 4. XIX ғасырдағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына байланысты батырлар жыры: «Сырым», «Кенесары – Наурызбай», «Исатай – Махамбет», «Бекет», «Жанқожа», «Ағыбай», «Сұраншы», «Сыпатай», т.б. Эпикалық жырларды зерттегендегі Е.Ысмайлов, есіресе, тарихи жырларға көп көніл бөледі. Ол Жамбыл жырлаған «Сұраншы батыр» туралы мақаласын 1938 жылы жазып, жариялады. Қазақ халқының эпостарын, тарихи жырларын зерттеуге арналған монографиясын аяқтау кезеңінде академик В.Жирмунскиймен ой бөлісіп отырғанын талай көрген едім. Е.Ысмайлов XVIII-XIX ғасырлардағы жаугершілік заманда туған, қазақ халқының сыртқы жауларға қарсы құресін бейнелейтін халық поэзиясын да ұзақ жылдар зерттеп, «Тарихи жырлар» атты монографиялық зерттеу жазды. Автор мұнда тарихи жырлардың жанрлық ерекшелігін анықтайды. Оның басқа батырлар жырынан айырмашылығы – тарихи оқиғаны немесе кейіпкерді нақты фактілер негізінде суреттейтіндігін атап көрсетеді. Алайда, мұндай жырлардың нақты деректерден, оқиғалардан алшақтап кететін тұстары да болады. Бұл ақынның шығармашылық қиялына, көздеген идеялық мақсатына байланысты дейді ғалым. Е.Ысмайлов тарихи жырларды төрт кезеңге бөліп зерттеуді қажет деп табады. Бірінші – орта ғасырлар, екінші – XVIII ғасыр, үшінші – XIX ғасыр, төртінші – XX ғасыр көлемінде туған шығармалар. Ол өзінің 1939 жылы жазған «Батырлар жыры туралы» деген мақаласында эпикалық дастандарды әзірлеу мәселесіне тоқталып, осыған ұқсас пікір ұсынғанын жоғарыда айтқанбыз. Сөз болып отырған соңғы зерттеуінде әр дәуірдің тарихи жырларына тоқталып, оған ғылыми сипаттама береді. XVIII ғасырдан бергі жылдардың кейбіреулерінің авторлары да ұмытылмай, ел аузында сакталған. Олардың нұсқалары көп емес. XIX ғасырда туған тарихи жырлардың көпшілігі патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы халық көтерілісінің сырын шертеді. Кейбір жырларда қазақ әйелдерінің де әлеуметтік іске, ерлік оқиғаларға араласа бастағаны көрініс береді. Ғалым XIX ғасырдың ақыры мен XX ғасырдың басындағы тарихи жырларға ерекше мән берген. Бұл қазақ даласында Ресей империясының отаршылдық, қанау-шылдық саясатын күшайте түскен, аштық, жұт апаттары арқаға аяздай батқан, оның үстіне 1905 жылғы төңкерістің, орыс-жапон соғысының, бірінші

империалистік соғыстың зардабы елді күйзелткен қауырт кезең еді. Бұған 1916 жылғы оқиға келіп ұласты. Қазақстан Орталық комитеті 1947 жылы 21 қаңтарда «Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» қаулы қабылданап, онда Кенесары бастаған көтерілісті дәріптеген жырларға қарсы пікірлер айтылғаны белгілі. Осыған байланысты Есағаңның баспаға дайындаған «Қазақ әдебиеті тарихының» фольклорға арналған алғашқы томының қолжазбасына едәуір түзетулер енгізіледі. Авторлар ұжымы жазған бұл қолжазба келесі жылы кітап болып басылып шықты. «Тарихтағы Кенесары – Наурызбай туралы тарихи жыр-әңгімелер» жөніндегі тараудың авторы Е.Ысмайлов жоғарыда аталған қатал қаулыға қарамастан, көтерілісті және ол туралы тарихи жырларды әділетті бағалауға тырысты. Сол еңбегінде Е.Ысмайлов: «XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық жолындағы құрестерінің ең бір іргелісі Кенесары Қасымұлы бастаған халық көтерілісі еді. Он жылға созылған (1837-1847) бұл көтеріліс қазақтың әлеуметтік тарихынан қандай зор орын алатын болса, ауыз әдебиеті тарихынан да ерекше орын алады» деп жазады. Эрине, мұндай батыл тұжырым жасау идеологиялық жағдай ушығып тұрған ондай уақытта үлкен ғылыми ерлік еді. Ғалымның қазақ фольклоры мен әдебиеті тарихындағы осындай әділ де батыл пікірлері кейін оны «ұлтшыл» деп айыптаپ, қамауға алуға себеп болды. Қазақ фольклортану ғылымында ертегілер мен батырлар жырын едәуір зерттеген ғалым XX ғасырдағы Жамбыл бастаған халық ақындары шығармашылығына да айрықша көңіл бөлді. Әсіресе, жыр алыбы – Жамбылдың ақындық өнерін зор сүйіспеншілікпен зерттеді. Өмірінің ақырына дейін одан қол үзген жоқ. Е.Ысмайлов Жәкең туралы былай дейді: «Жамбыл поэзиясы – халықтың бұрын-соңды ауыз әдебиетінің жаңа сапалы жиынтығы. Олай болса, Жамбылды, Жамбыл сияқты талантты қайта оянып, шығармашылығы гүлденген халық ақындарының бұрынғы фольклорлық, ақындық дәстүрлермен байланысын да ашу қажет болады». Сонымен бірге, ғалым Жамбылдың үзенгілес шәкірттерінің бірі – жыр дүлдүлі Нұрпейіс Байғаниннің шығармашылығына да көп көңіл бөлді. 1940 жылы оның тұңғыш жинағына алғысөз ретінде «Нұрпейіс ақын» деген мақаласын жазып, жариялады. Е.С.Ысмайлов 1948 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті тарихында» (1-том, «Фольклор») «Қазақ фольклоры» атты қолемді зерттеуін жариялады. Е.Ысмайловтың «Ақындар» монографиясының құндылығы Жамбыл, Нұрпейіс, Иса сияқты ірі өнер тұлғаларының шығармашылығын жан-жақты зерттеуге ғана емес, жалпы суырып салма ақындық өнер туралы бұрын-соңды айтылып жүрген пікірлерді саралап, бір жүйеге келтіруде және өзінің тың тұжырымдарын жасауда, сөйтіп бұл жайындағы ғылыми-теориялық

пікірлерді жинақтап, түйіндеуде еkenі даусыз. Жалпы, Е. Ысмайыловтың «Ақындар» атты кітабы қазақ кеңес фольклоры туралы кең тынысты, көлемді де ғылыми парасатты үлкен еңбек болып қалды. Ол кісінің «Ақындар» деп аталатын монографиясы – Одақ көлемінде жоғары бағаланған мұра. Көрнекті ақын, белгілі ғалым Әbdілда Тәжібаев өз зерттеулерінде: «Халық ақындарының өнерлеріне қарай жіктеп бөлуде Әуезовпен қатар Есмағамбет Ысмайыловтың да көрсеткен тапқырлығы аз емес. Солардың бір тобын әнші ақындар деп атап және олардың талант табиғатын түсіндірудегі Есмағамбет еңбегі ерекше қымбат» деп жазды. Осы орайда Е.С.Ысмайыловтың әнші ақындардың ерекшелігін, өзіндік сипаттың ғылыми жағынан сарапап қана қоймай, олардың ірі өкілдері туралы зерттеулер жазғанын да айту керек. Мысалы, Біржан сал, Үкілі Үбырай, Ақан сері туралы, олардың ақындық, сазгерлік, әншілік өнері жайында толымды, толғамды еңбек жазды. Біржанға қатысты зерттеуінде Сарамен айтысына тоқталып, даулы пікірлерді талдап айтумен қатар, өзінің ғылыми болжамын ұсынады. Айтыстың ақиқат болғандығын, бірақ көп уақытқа дейін хатқа түспей, ел аузында жатқа айтылып келгендейтін, кәдімгі фольклор шығармалары сияқты бастапқы нұсқасынан өндөліп, өзгерістерге ұшырағанын қисынды дәлелдейді. Есмағамбет Ысмайлов – тек әдебиетте ғана емес, біздің ұлттық академиямыздың қалып-тасуына, қоғамдық ғылымдардың дамуына, фольклортану саласында кадр дайындауда ерекше еңбек сінірген қайраткер. Сол алпысыншы жылдары игілікті істің басы-қасында жарғақ құлағы жастыққа тимей, күндіз-түні тыным таппай, жан-тәнімен беріліп жұмыс істеп Есаған жүретін. Ол кезде жүрттың айтуға батылы жетпей жүрген шақта қазақ әдебиетінің ерте дәуірі туралы Бейсембай Кенжебаевтың батыл тұжырымын ең алғаш қолдаған ғалым осы Есмағамбет Ысмайлов болатын. Есаған әдебиет сынына да өте белсенді араласты. Әдебиеттің прозасына, поэзиясына, драматургиясына жән сілтеп, бағыт-бағдар беріп отырды. Әуезов бастаған, Есмағамбет Ысмайлов, Қажым Жұмалиев, Мұхамеджан Қаратаев қостаған әдебиет тарихын зерттеу-шілерінің еңбегі әлі толық бағаланған жоқ. Бұл да бір кезек күттірмейтін іс. Есмағамбет Ысмайлов алпысыншы жылдары қазақ әдебиеті мен оның тарихын зерттеуге Одаққа белгілі ғалымдарды белсенді тартып жүрді. Біз академик Жирмунскийді, профессор Сидельниковты Есағаңның үйінен жиі көретінбіз. Ол кісі әдебиеттің жас кадрларын да қызығыштай қорғап, бәйге атындаған жаптап жүрді. Атақ-дәрежелеріне қарамай Есмағамбет аға біз секілді жас әдебиетшілерді қанатының астына алды. Шындық пікірталастан туады деп бізді ылғи ынталандырып отырушы еді. Өз басым ол кісінің шапағатын көп көрдім. Университет бітірерде диплом жұмысын «Шахмет Құсайыновтың драматургиясы» деген тақырыптан қорғадым. Ресми төрешім

Зейнолла Қабдолов ағамыздың жұмысымды жоғары бағалап сөйлегені, маржандай төгіп пікір жазғаны әлі күнге есімде. Кейіннен ойласам, үлкен ұстаздың диплом жұмысының өзіне сонша мән беріп, терең талдағанына таң қаламын. Салдарсыз себеп тумайды. Дуалы ауыз ағалардың алдын кесіп өтпей, кітапханадан шықпай, қағазға көміліп жүргесін бе, осы баладан бірдене шығады деп ойлаған болуы керек, бесінші курстың аяғында Шахмет Құсайынов ағамыз тілдей қағазға хат жазып беріп еді. Ашып қарасам, хатты профессор Есмағамбет Ысмайыловқа жазыпты. – Есмағамбет! Сен гуманной едің ғой. Мына Мырзатайдан үлкен әдебиетші шығайын деп тұр.

Қамқорлығына ал. Университетте қалдыруға күш сал. Мұқанмен ақылдас, – деп қолын қойыпты. Тілхатты сол күні Есмағамбет ағаның қолына тигіздім. Кейін білдім, Есмағамбет аға мен жайында ректорға да кірген еken, аяулы Мұқана да өтініш жасаған еken ғой. Сөйтіп, ағаларым, Мәскең апам (Сармурзина) тілекші болып, қазақ әдебиеті кафедрасына ұстаздық жұмысқа қалдырылдым. Ол кезде Алматыда пәтер алу өте қыын. Түйіншектерімізді сүйретіп, үйден-үйге көшіп жүреміз. Сыған секілді үйсіз-күйсіз көшіп жүретін қазақ жастарының біріміз. Есмағамбет Ысмайылов аға Совминнің үйінде тұрады. Мәскеуден атақты ғалым Владимир Максимович Жирмунский келіпті, ағамыздың үйінде болыпты дегенді естімін. Кейінше атағы дардай ғұламаның қыртысы қалың «Пушкин и Байрон», «Узбекский героический эпос» деген кітаптарын оқығаным бар. Шаруасы болды ма, Есмағамбет аға мені іздепті. Сайда саны, құмда ізі жоқ, мекені-тұрағы жоқ мені қайdan таба қойсын. Шарқ ұрып іздепті. Таптыра қоймаптын. Бір күні университет дәлізінде ұшыраса кетіп, қабағын суытып: – Осы сен қайда жүресің? – деді. – Көшіп жүреміз ғой, аға, – деп жауап бердім. – Немене, күнде көшесің бе? – деді. – Құнара, аға, – дедім. Ол басын шайқап, үндемей тұрып қалды. Тері өңдеу комбинаты жанындағы құрқылтайдың ұясындай шағын пәтерді жалдал тұрып жатқанбыз. Бір күні Есмағамбет Ысмайылов ағай шақырады деген хабар жетіп, балағымды сүйретіп ол кісінің Желтоқсан көшесі мен Абай даңғылы қылышындағы үйіне келдім. Эйелі Шәйзада апайға ас салғызыпты. Ағаның жанында аққұбаша келген кісі отыр. Кейінше білдім, туған жиені Мұтәлләп Нұртазин есімді кісі еken. Дастанқанға отырдық. Ас жеп болған соң оңаша бөлмеге шықтық. Есмағамбет аға сөз бастады. – Мұтәлләп, сенің ең шауып шыққан жерің мектеп директорлығы. Елге, Көкшетауға қайт. Ренжіме. Өзің отырған үйді мына Мырзатайға бер, қанғып жүр, бұл жігіттен үлкен үміт күтіп отырмыз, әдебиетші ғалым болады, – деді салмақтап. Байқаймын, күтпеген болуы керек, Мұттәләп мандайын тасқа соққан бекіре балығындаі үн-түнсіз, тым-тырыс отырып қалды. Эйтсе де нағашы ағасына қарсы сөз айта алмады. Отырып-отырып,

біраздан соң: «Макұл», деді. Бұл сөзді амалсыз айтқанын мен де сездім. Көп ұзамай Панфилов паркінің күнбатыс жағындағы қағаз картоннан салынған шағын баспананы босатып берді. Мәрия екеуміз жұмақтың төріне шыққандай болдық. Үлкенге де, кішіге де артық сөз айтпаған, туған әдебиетіміздің еңбек торысы Есмағамбет Самұратұлы 1966 жылдың 29 қарашасында дүниеден озды. Амал не, өмірден ерте кетті, бірақ көп құнды мұра қалдырды. Қазақ фольклоры мен әдебиетінің көрнекті зерттеушісі, жамбылтанудың негізін салушы ғалым Есмағамбет Самұратұлының есімі елімен бірге мәнгі жасай беретіні анық. Міне, биыл Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы қарсаңда қазақтың ғұлама ғалымы – Есмағамбет Самұратұлы Ысмайловтың туылғанына 100 жыл толып отыр. Кешегі қазақ әдебиетінің алтын дәуірін тудырған асылдар армандаған азаттыққа құдайға шүкір, бүгін біз жетіп отырмыз. Алайда, Алаш арыстарынан тәлім алған, қазақ әдебиетінің алыптарының бірі – Есмағамбет Самұратұлының 100 жылдық мерейтойы республикалық деңгейде аталып өтетін мерейтой иелерінің тізіміне кірмеуі, бұқаралық акпарат құралдарында жүйелі насихатталмауы өкінішті-ақ. Қазақ елінің тарихы мен әдебиеті үшін саналы ғұмырын сарп еткен арысымыздың есімі бұл құрметке әбден лайық еді. Өйткені, ол кісі – қазақ әдебиеті тарихын зерттеуді қалыптастырған, қазақ әдебиеті сынын ілгерілеткен, оның өркенін өсірген, сөйтіп туған әдебиетіне мұлтіксіз қызмет еткен әдебиетіміздің еңбек торысы, ғұлама ғалым.